


Ә/Б отырысында қаралды:

Келісемін: 

ДТІЖО: Қ.Р.Тайшыбай

« 31 » 08 2023

Бекітемін 
Мектеп директор: Г.М.Жумагазина
« 31 » 08 2023

**Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие
тұжырымдамасын жүзеге асыру аясындағы
2023-2024 оқу жылына арналған
8 сыныбына арналған тәрбие жұмысының жоспары**

2023-2024 оқу жылы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

-Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

-Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

-Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;

Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

Қоғам игілігі үшін қызмет ету; Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;

Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

-Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл

-Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді

Елінің тарихын құрметтейді

Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: Академиялық адалдық қағидатын қолдау;

Адал еңбекті құрметтеу;

Сөзіне берік, ісіне адал болу;

Халқына адал қызмет ету

Әдеп нормаларын ұстану;

Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;

-Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділіктаныту;

-Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

Ар-ұят, адалдықты жоғарыбағалайды;
Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:


Сыни және креативті ойлау;
Жеке және командамен жұмыс істей білу;
Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
Физикалық белсенді болу;
Салауатты өмір салтын ұстану;
Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

Жан мен тән тазалығын сақтайды;
Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; Ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиенің
кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктері.

ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

(мемлекетшілдік)



✔ Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл

✔ Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді

✔ Елінің тарихын құрметтейді

✔ Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді


✔ Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары бағалайды

ТАЛАП



-
- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды
 - ✓ Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық
 - ✓ Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді
 - ✓ Ізденімпаз, жасампаз тұлға
 - ✓ Қоршаған орта тазалығын сақтайды

АР-ҰЯТ



✓ Ар-ұят, адалдықты жоғары
бағалайды

✓ Сөзіне берік, ісіне
жауапкершілік танытады

✓ Ата-анасына сүйіспеншілікпен
қарайды

✓ Достарын, сыныптастарын
сыйлайды

✓ Кішіге ізет, үлкенге құрмет
көрсетеді

№	Мерзімі	Тәрбие құндылықтары	Тақырыбы	Аяқтау нысаны
			ҚЫРКҮЙЕК	
	1/09	Ұлттық мүдде	Мектебім – мейірім мекені! /1-қыркүйек – Білім күні/	Салтанатты жиын
	4/09	Ұлттық мүдде	«Тіл – ұлт болашағы кепілі!» /Қазақстан халықтары Тілдер мерекесі күні/	Тәрбие сағаты
	11/09	Ар-ұят	Адалдық, парасаттылық адамдықтың белгісі	Тәрбие сағаты
	18/09	Ар-ұят	«Отбасы бақыт айнасы» /12-қыркүйек-«Отбасы күні»/	Тәрбие сағаты тренинг
	25/09	Талап	«Адами қарым-қатынас жасау»	Тәрбие сағаты
			ҚАЗАН	
	2/10	Ар-ұят	Адал еңбек, алғысым ұстазыма!	Тәрбие сағаты
	9/10	Ар-ұят	«Қартым - асыл қазынам»	Тәрбие сағаты
	16/10	Ұлттық мүдде	«Туралықты ту еткен Төле би»/360 жыл/	Тәрбие сағаты
	23/10	Талап	«Еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»	Тәрбие сағаты
			ҚАРАША	
10	6/11/	Талап	«Қоғам және біз!»	Тәрбие сағаты
11	13/11	Ұлттық мүдде	«Жеті атасын білмеген жетім»	Тәрбие сағаты
12	20/11	Талап	«Әлемге әйгілі - Әуезов»/80 жыл/	Тәрбие сағаты
13	27/11	Ар-ұят	«Адалдық адамдықтың белгісі!»	Тәрбие сағаты
			ЖЕЛТОҚСАН	
14	4/12	Талап	«Зиянды әдеттерден аулақ бол!»	Тәрбие сағаты
15	11/12	Ұлттық мүдде	«Тәуелсіздіктің көкбайрағы»	Тәрбие сағаты
16		Талап	«Қауіпсіз интернет»	Тәрбие сағаты
17	25/12	Ұлттық мүдде	«Жаңа жыл-жаңа қадам...»	Мерекелік шара
			ҚАҢТАР	
18	8/01	Ұлттық мүдде	«Жалынды ақын – Махамбет Өтемісұлы» /220 жыл/	Тәрбие сағаты
19	15/01	Ар-ұят	«Этика және біз»	Тәрбие сағаты
20	22/01	Талап	Дұрыс тамақтану – денсаулық негізі	Тәрбие сағаты
21	29/01	Талап	Қылмыс дәне қылмыстық жауапкершілік	Тәрбие сағаты
			АҚПАН	
22	5/02	Ұлттық мүдде	«Халық дәстүрі – асыл қазына»	Тәрбие сағаты
23	12/02	Талап	«Жеке бас гигиенасы.Қыз баланың жеке бас гигиенасы»	Кездесу
24	19/02	Талап	Ең үздік оқушы	Сайыс
25	26/02	Ұлттық мүдде	Өнер-таусылмас азық, жұтамас байлық	Тәрбие сағаты
			НАУРЫЗ	

6	4/03	Ар-ұят	«Алғыс айту - асыл қасиет»	Тәрбие сағаты
7	11/03	Ар-ұят	«Анашым-ардақты жан.» /8-наурыз-Халықаралық әйелдер күні/	Мерекелік шара
8	18/03	Ұлттық мүдде	«Қош келдің, Әз Наурыз!» /22-наурыз Наурыз мейрамы/	Тәрбие сағаты
СӘУІР				
9	8/04	Ұлттық мүдде,	«Уақытты бағалай білейік»	Пікірталас
10	15/04	Ар-ұят	«Кітап – сарқылмас қазына»	Дөңгелек үстел
11	22/04	Ұлттық мүдде,	«Болашақ бағдаршам»	Тәрбие сағаты
12	29/04	Ұлттық мүдде,	«Бірлік- түбі береке» /1-мамыр-Қазақстан халықтарының ынтымақтастығы күні/	Мерекелік шара
МАМЫР				
13	6/05	Ұлттық мүдде,	«Ел мен ердің жеңісі» /9-мамыр-Жеңіс күні/	Танымдық сағат
14	13/05	Талап	«Елдің асыл тірегі Ата заң»	Тәрбие сағаты
15	20/05		«Қауіпсіздік және алғашқы көмек»	Тәрбие сағаты

Сынып жетекші :

Қилыбаева Гүлсезім Сайынқызы